

энергияның, қалыптасқан энергия көздеріне қарағанда экономикалық тұрғыда бәсекелестігінің төмендігі басты кедергі болып саналады. Бұдан бөлек, қайта жаңғырылатын энергия көздерін өндірістік жолға қоюға қажет инвестицияның жоқтығы. Орта Азияның бірқатар елдерінде, қалыптаспаған энергия көздері базасында тәуелсіз энергия өндірушілерге қаржылық жеңілдікті кепілдендіретін заң базасының әлсіздігі, бұл энергетика саласы басқаларға қарағанда кейін пайда болған, сондықтан елімізде әлі де жетекші орын алмай отыр.

3) Қазақстанда су энергиясын пайдалануға барлық жағдай бар екені жоғарыда дәлелденіп айтылып өтілді. Оның ішінде шағын ГЭС іске қосу – экономикалық және экологиялық жағынан да өте тиімді.

Әдебиет:

1. Джангиров В.А. Роль инженерных изысканий в освоении гидро-энергетических ресурсов государств Содружества // Гидротехническое строительство, 2002 - № 3, с. 3 – 5.
2. Мирзаев Ф.Т., Турецкий Н.Б. Гидротехническое строительство в Средней Азии и перспектива освоения гидротехнических ресурсов // Гидротехническое строительство, 2002 - 2, с. 26 – 27.
3. Чокин Ш.Ч. и др. Основы развития энергетики Казахстана. Алма – Ата: Казахстан, 1971.
4. Васильев Я.А., Вальковицкий И. Я. Гидроэнергетические ресурсы Казахстана: состояние и перспективы использования // Гидротехническое строительство, 2002 - 2, с. 42 – 46.

ӘӨЖ 687

ҰЛТТЫҚ ҚАЗАҚ НАҚЫШТАРЫН ТАЛДАУ НЕГІЗІНДЕ ӘЙЕЛДЕР ЗАМАНАУИ КОСТЮМІ

Жақсылық А.Т., Омарбекова М.Т.

(М.Х.Дулати атындағы Тараз МУ)

Мәдени мұраларының маңызды құрамы өткен ғасырлардағы қазақ халқының рухани өмірі мен материалдық өндірісінің деңгейін бейнелейтін ұлттық нақыштар кіреді. Ұлттық фольклормен қатар, олар халық тарихын өмірлік бейнелерін және эстетикалық идеалдарын терең ұғынуға арналған бастамалар болып табылады.

Қазақстан Республикасының президенті Н.А.Назарбаевтың халыққа жолдаған сөзінде: «Дәстүрлі мәдениеттердің қайта жаңғыруы, халықтың дәстүрлік тәжірибесіне көңіл бөлу – бұл еліміздің тәуелсіздік алған кезеңдегі заңды құбылыс болып табылады».

Елімізде соңғы жылдары шығарылатын өнім ассортименттерін кеңейту және де қазақтың ұлттық ою-өрнектерін бұйымға ендіру қажеттілігі өркендеу үстінде. Ұлттық нақышта өндірілетін бұйымдар белгілі бір әлеуметтік топтарда жоғары сұранысқа ие болып келеді.

Дәстүрлі костюмдер негізінде бәсекелестік қабілетке ие қазіргі заманға сай киімдердің жаңа жобалық шешімдерін құрастыру – алғашқы бастамаларды мұқият зерттеуді талап етеді. Алғашқы бастамаларды терең ұғынып меңгеру көп уақытты және амал-тәсілдерді талап ететін, еңбек сыйымдылығы жоғары үрдіс болып табылады. Бұл дегеніміз, өнеркәсіптік үлгілердің дайындау уақытын ұзартатады және күрделіндіреді. Сондықтан, дәстүрлі костюмдер мен оның ассортименттері, қолданылатын дәстүрлі

материалдары, көркемдік безендірілуі және басқа да маңызды композициялық түзушілері туралы бастапқы жүйеленген мағлұматтар бойынша жобалық құрастырулар әр уақытта да өзекті болып келген.

Қазіргі таңда шексіз шығармашылық бастама ретінде дәстүрлі ұлттық костюмдерді зерттеу жұмыстары да аз емес. Соның ішінде орыстардың, қазақтардың, буряттықтардың, башқұрттардың және Солтүстік Кавказ елдерінің ұлттық нақыштағы элементтерін зерттеу жұмыстарының көпшілік бөлігі – ұлттық костюмдерінің конструктивті композициялық шешімдерін зерттеу төңірегіне негізделген.

Дәстүрлі қазақ костюмдер негізінде қазіргі заман костюмдері жобалау кезінде қайта жаңғыру элементтері ретінде композициялық үйлесімділігі, силуэті, конструкциясы, көркемдеп сәнделуі, материалдары мен дәстүрлі қазақ костюмдерінің пішімдері қызмет етеді.

Ұлттық киімдердің жобалануындағы ғылыми негіздердің шешімі орыс және қазақ ғалымдарының еңбектерінде бейнеленген. Атап айтсақ, Ф.М.Пармон, И.Н.Савельева, Е.Я.Сурженко, Н.Б.Мокеева, Б.Ж.Асанова, М.А.Нуржасарова, Б.Р.Рыскулова, Л.К.Шильдебаева, К.Ж.Кучарбаева, Э.К.Тогузбаева және т.б. Бұл зерттеушілермен әртүрлі қолданыстағы бұйымдардың теориялық және әдістемелік мақсаттарының құрастырылуы қалыптастырылған, ұлттық костюмдерді зерттеу процесіндегі жаңа әдістер мен әдістемелер, сондай-ақ ұлттық костюмдер негізінде қазіргі заман киімдерінің жаңа жобалары ұсынылған. Сонымен қатар, ұлттық қазақ нақыштар негізінде заманауи әйелдер киімінің үлгілерін жобалау сұрақтарын тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Жұмыстың мақсаты қолөнердің бай мұраларын жинап, заманымызға лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды сақтап қалу және дамыту болып табылады.

Жұмыста дайындалған бұйымдар сериясы – ұлттық қазақ нақыштарын қолдану арқылы жасалынған этнографиялық стильдегі әйелдерге арналған костюм. Бұл костюмдердің негізгі атқару қызметі сән көріністерінде, театр және сахналық қойылымдарында, салтанатты ресми кештерде ұлттық қолданбалы өнерін насихаттау мақсатымен қолдану болып табылады. Сондықтан жобаланатын ассортиментінің арналуын ескере отырып қарастыру қажет. Жобаланатын үлгілер үшін тұтынушылық талаптардың ішінен ең маңыздысы эстетикалық талап болып табылады. Эстетикалық талаптар бұл – бұйымның сән бағытына сәйкестігімен, композициялық шешімінің деңгейімен анықталады. Әсемдік хақында әр адамның өзіндік көзқарасы бар, соған сәйкес ол өзінің гардаробын жасақтайды. Өз тұтынушысының мәдениетті және әлеуметтік мәртебесі жөніндегі ақпаратты белгілі шамада киімінен де білуге болады. Эстетикалық қасиеттер көрсеткіші материал мен бұйымның ауыспалы сән талаптарына, белгілі бір мәдени дәстүрге сәйкес анықталады және адам өзінің субъективті қабылдануы негізінде белгіленеді.

«Дала керуені» атты дивизді этностильдегі заманауи әйелдер костюмі үш бұйымнан тұрады: көкірекше, белдемше және көйлек. Театр және сахналық өйылымдарда, салтанатты ресми кештерде қолдануға болады. Синтетикалық қоспасы бар түрлі-түсті киіз.



Сурет 1. «Ақ керуен» атты топтамадағы этностильді костюмнің алдынан көрінісі.



Сурет 2. «Ақ керуен» атты топтамадағы этностильді костюмнің артынан көрінісі.

Көкірекшенің силуэтi трапеция тәрізді. Жеңі қондырмалы ұзын, жеңнің шынтақ бөлігі ашық киіз таспалармен тігілген, ұштары үшкірленген және жасыл киізбен мен алтын таспамен өңделінген. Түймелігі арнайы ілгектермен тігілген. Жағасы үлкен жатық. Алдыңғы және артқы бойларда бүкпелері бар. Көкірекшенің жағасында құстар бейнелері қоңыр аппликация ретінде жапсырылған және әшекей тастармен безендірілген, жағаның шеттері жасыл киізбен мен алтын таспамен өңделінген. Бел қимасында баска тігілген. Көкірекшенің баскасында талдар мен шөптер бейнелері жасыл аппликация ретінде, бұғылар мен еліктер бейнелері қоңыр аппликация ретінде жапсырылған және әшекей тастармен безендірілген, басканың шеттері жасыл киізбен мен алтын таспамен өңделінген.

Белдемшенің силуэтi тік. Алдыңғы және артқы кездемелерде бүкпелері бар. Ұзындығы сәл тізеден асады. Бүйір жақтары киіз таспалармен өңделінген және етегі жасыл киізбен мен алтын таспамен, сәндік тастармен безендірілген. Белдемшенің алдыңғы және артқы төменгі бөліктерінде балықтар мен бал бейнелері қоңыр мен жаслы киізбен жапсырып безендірілген. Түймелігі таспа-жапсырмалар тігілген.

Көйлектің силуэтi қынамалы. Стрич-атлас матадан тігілген. Жеңі қондырмалы ұзын және жеңнің аузы сәндік таспамен бастырылып тігілген. Алдыңғы және артқы бойларда белінде екі бүкпелері бар және артқы бойда иығында бүкпелері бар. Артқы бойын жасырынды сырма тігілген. Көйлектің мойын ойындысы сәндік таспамен бастырылып тігілген. Көйлектің ұзындығы тізеден жоғары. Ұсынылатын өлшемдер: 170(176)-88(92)-96(100).

Қорытындылай келгенде, бұл әйелдер костюмінде ою-өрнек үлгілері – адамның мифтік дүние танымынан туған қиялдық бейнелер жапсырылған. Мұндай стильденген зооморфтық бейнелерді көне дәуірде салынған ежелгі сақ, Алтай қорғандарынан табылған зергерлік бұйымдардан кездестіруге болады. Ою-өрнек ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жақан қазақ халқының мәдени мұрасының ажырамас бір бөлігі. Халқымызда жазу болмағанда ою-өрнек болды. Сол ою-өрнек арқылы халқымыз өз тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын, жоғары деңгейде дамыған тұрмыстық қажеттіліктерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, дамытып отырды. Келешек ұрпақ мақсаты осы киелі өнерді әрі қарай дамыта отырып, көздің қарашығындай сақтау болып табылады.

Әдебиет:

1. Херольд Р. Костюмы народов мира. – М.: Планета, 1990-242 с.
2. Савельева И.Н. Теоретические основы гармонизации народной одежды. – Уфа: РИО РУНМЦ Госкомнаука Республики Башкортостан, 2001. – 190 с.
3. Козлова Т.В., Рывинская Л.Б., Тимашева З.Н. Основы моделирования и художественного оформления одежды. – М.: Лег. Индустрия, 1979. – 168 с.
4. National dothes of Kazakh people. – Алматы кітап», 2007. – 384 б.
5. Казахская национальная одежда Алма-Ата, «Жалын» баспасы, 1976. – 431 б.
6. Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. Альбом. – Алматы: Өнер, 1996 – 192 б.
7. Байділдаұлы Ш. Қазақтың ою-өрнектері (1-кітап). – А.: Өнер, 2006.-159 б.
8. Гусейнова Т.С. Товароведение швейных и трикотажных товаров: Учеб. для вузов. – М.: Экономика, 1991. – 287с.
9. Никитина Е.Д., Талғатбекова А.Ж. Киімді конструкциялау: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2008. – 280 б.
10. Тігін өндірісінің материалтануы: Жоғарғы оқу орнының студенттеріне арналған оқулық / Б.Р. Рысқұлова, А.Ж. Құтжанова, Э.С. Масанова, Ж.Ш. Маханова. – Алматы: 320 б.